

In this article ways of improving securities market in Kazakhstan, the role of urgent securities market at the process of developing the whole securities market, communication and differences between urgent securities market and derivative securities market, types and features of urgent securities market are considered. Also the analysis to kinds of the securities which have arrived on sale is carried out.

А.С. Досумова

ҚАЗАҚСТАНДА ДАҒДАРЫСТАН КЕЙІНГІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ САЯСАТЫНЫҢ РӨЛІ

Кез келген қоғамда мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Қойылған мақсаттарды іске асыруда қаржы саясаты маңызды рөл атқарады. Оны жасап, жүзеге асыру үдерісінде қоғам алдында тұрған міндеттерді орындаудың шарттары қамтамасыз етіледі; ол экономикалық мүдделерге ықпал жасаудың белгілі бір құралы болып табылады.

Елдің қаржы заңнамасының негізінде қаржы ресурстарын жұмылдыру, бөлу және пайдалану жөніндегі мемлекеттің іс-шаралары қаржы саясаты деп аталады. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады. Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді.

Қаржы саясаты қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты, оның нақтылы нәтижесі болып табылады [2].

Қаржы саясатының бағыттары елдің экономикалық жай-күйіне, шешілетін әлеуметтік-экономикалық және өзге міндеттерге байланысты болады. Экономиканың дағдарысты жағдайы, бір жағынан, өндірістің құлдырауының тоқтатылуына және өндірісті ынталандыруға (мысалы, өндірушілерге жекелеген салық жеңілдіктері түрінде), қаржы ресурстарын экономиканың белгілі бір салаларына тиімді жұмсау мақсатында оларды жұмылдыруға, ал, басқа жағынан әлеуметтік бағдарламаларды тежеуге, қорғанысқа жұмсалатын шығыстарды қысқартуға және т.с.с. бағытталған қаржы саясатын алдын ала анықтайды. Тиісінше, экономика басқа жай-күйге ауысқанда қаржы саясатының бағыттары да өзгеріп отырады.

Таңдап алынған қаржы саясатының дұрыстығы, сөзсіз, елде қалыптасып отырған экономикалық жағдайды сыни бағалауға, экономикалық теорияның “алтын ережесін” сақтауға – болжамдар мен ұсыныстарды әзірлеу кезінде экономикалық жағдайды объективті бағалауға байланысты болады. Оның үстіне бұл аса маңызды, өйткені дамудың жалпы үрдісі қаржы жүйесі арқылы, атап айтқанда, әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі бағдарламаларға, табыстардың орташа деңгейін қолдауға, денсаулық сақтауға, т.с.с. жұмсалатын мемлекеттің басым шығыстары арқылы ұлттық экономиканы реттеуде мемлекеттің жоғары рөлі болып табылады.

Қаржы саясатын жасау үдерісінде елдің алдына қойылған міндеттердің орындалуы үшін материалдық жағдайлар қамтамасыз етіледі. Тап сондықтан қаржы саясаты экономика мен әлеуметтік сфераға ықпал жасаудың белсенді тетігі болып табылады. Демек, қаржы саясаты қаржы ресурстарын іздестірудің, шоғырландырудың және жинақтаудың және экономикалық саясатпен жасалынатын дамудың бағыттары бойынша оларды бөлудің міндеттерін шешеді.

Мемлекеттің қаржы саясаты қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасын кіріктіреді.

Қаржы стратегиясы экономикалық және әлеуметтік стратегиямен анықталып, перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы. Ол макроэкономикалық үдерістер дамуының ұзақ кезеңіне бағытталған, ал оның шеңберіндегі күнделікті міндеттер басты стратегиялық мақсатқа жетудің кезеңдері ретінде жүзеге асырылып отырады. Сөйтіп, қаржы саясатының мазмұны экономикалық жүйеде қаржыны пайдаланудың стратегиялық бағыттылығымен үнемі анықталып отырады.


Қаржы стратегиясын мемлекет қоғам дамуының ірі тарихи кезеңдеріне үйлестіре отырып жасайды. Оны жасау үдерісінде қаржыны дамытудың негізгі үрдістері болжанады, оны пайдаланудың тұжырымдары қалыптасады, қаржы қатынастарын ұйымдастырудың қағидаттары белгіленеді. Ұзақ мерзімді мақсаттарды таңдап алу және қаржы саясатында мақсатты бағдарламаларды жасау қаржы ресурстарын экономикалық және әлеуметтік дамудың басты бағыттарында шоғырландыруды қажет етеді.

Қаржы тактикасы қаржы байланыстарын ұйымдастыруды дер кезінде өзгертіп отыру, қаржы ресурстарын қайта топтастыру арқылы қоғамды дамытудың нақтылы кезеңінің мәселелерін шешуге бағытталған. Ол назарды кезек күттірмейтін міндеттерді шешуге, пайда болған үйлесімсіздіктерді қаржылардағы және елдің, өңірдің, саланың экономикасындағы ауытқушылықтарды жоюға шоғырландыра отырып, стратегиялық нұсқаманы нақтылайды. Қаржы стратегиясының біршама тұрақтылығы кезінде қаржы тактикасы орамдылығымен (икемділігімен) ерекшеленуі тиіс, ол экономикалық жағдайлардың, әлеуметтік факторлардың және басқалардың ширақтылығымен алдын ала анықталады.

Қаржы саясатының стратегиясы мен тактикасы өзара байланысты. Стратегия тактикалық есептерді шешу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Экономика мен әлеуметтік сала дамуының шешуші учаскелері мен басты проблемаларын анықтай отырып, тактика әдістерді өзгерту, қаржы байланыстарын ұйымдастырудың нысандары арқылы неғұрлым қысқа мерзім ішінде ысырап пен шығындарды ең аз жұмсап, қаржы стратегиясы белгіленген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Қаржы саясаты экономикалық қатынастардан туындайды, өйткені қоғам қаржы саясатын жасауда ерікті емес, ол өзінің мүмкіндіктеріне, объективті шындықтың шарттарына сүйенеді. Қаржы қатынастары дамуының өзінің айрықшалықты заңдары болады. Қаржының логикасы дамуға өзара кері ықпал жасай алады: экономиканы тездетеді немесе оған кедергі жасайды.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны экономикалық заңдардың іс-әрекетін ескере отырып және қоғамның даму міндеттеріне сәйкес қаржыны жоспарлы ұйымдастыру болып табылады. Қоғамдық дамудың әрбір кезеңінде қаржы саясатының өзіне тән белгілері болады, ол экономиканың жай-күйін, қоғамның материалдық және мәдени өмірінің толғағы жеткен қажеттіліктерін және басқа факторларды ескере отырып, түрлі міндеттерді шешеді.



1-сурет. Экономиканың дамуын қаржылық қамтамасыз ету үдерісі [2]

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны айтарлықтай күрделі, өйткені ол шаралардың ауқымды кешенін, оны дәйекті жүзеге асыру стадияларын қамтиды, олар:

- 1) қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізінде ұзақ және таяу перспективаларға арналған қаржының ғылыми негізделген тұжырымдамасын жасау;
- 2) экономикалық саясаттың тиісті мақсаттары мен міндеттерін негіздей отырып, қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын тұжырымдау;

3) қойылған мақсаттарға жету үшін белгіленген практикалық іс-әрекеттерді қаржы механизмі арқылы (экономикалық қайта құрудың түбегейлігіне қарай оны жаңғырта және түзете отырып) жүзеге асыру.

Осы негізгі үш буынның (бөліктің) бірлігі мемлекеттің қаржы саясатының мазмұнын анықтайды. Егер бұл буындардың ең болмағанда бірі жоқ болса, онда қаржы саясаты қазіргі жағдайларды қанағаттандыра алмайды.

Қазақстандағы қаржы саясатының мақсаты іс-шаралар әзірлеу және оларды индустриялық-инновациялық дамудың, ұлттық шаруашылықтың құрылымын қайта құрудың, елдің экономикасын дүниежүзілік шаруашылыққа біріктіру жолымен сыртқы экономикалық қызметі жандандырудың негізінде экономикалық өсуді қамтамасыз ету, әлеуметтік бағдарламаларды үздіксіз және ұлғаймалы қаржыландыру жөніндегі қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады. Сонымен қатар қаржы саясаты мен механизмі рынок үдерістерінде инфляциядан, жұмыссыздықтан, табыстарынан айырылудан халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Республикада тиісті қаржы саясатын және оны жүзеге асыру механизмін жасаумен айтылған бағыттарды кіріктіретін рыноктық реформаларды тереңдету жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру жалғастырылуда.

Қазіргі кезеңде қаржы саясатының көмегімен шешілетін басты міндеттердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

а) елдің дамуының әрбір нақты кезеңінің ерекшеліктері негізінде қаржы ресурстарының неғұрлым мүмкін болатын көлемін жасаудың жағдайларын қамтамасыз ету;

ә) қаржы ресурстарын қоғамдық өндірістің сфералары арасында, ұлттық шаруашылықтың секторлары арасында ұтымды бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау;

б) экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизмін жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру.

Сондықтан Қазақстан жағдайында қаржы саясатының міндеті экономиканы экономикалық өсудің траекториясына көшіру, ұлттық шаруашылықтың құрылымын одан әрі жетілдіру негізінде шаруашылық өмірді тұрақтандыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту, мемлекеттік бөліктің үлесін оңтайландыра отырып, меншікті реформалау, сыртқы экономикалық қызметті ұлғайтып, жандандыру, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру жөнінде шаралар жасап, оларды қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады.

Қазіргі жағдайда қаржы саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының сферасында рыноктық қатынастарды нығайту жөнінде шаралар жүргізу;

2) дағдарысты жай-күйді жою және қаржы жүйесін сауықтыру;

3) халықты әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу[3].

Экономикалық дағдарыстан шығу және одан әрі серпінді даму мемлекеттің сындарлы және негізгі саясаты арқылы болуы мүмкін. Жүргізіліп отырған қаржы саясатының басты субъектісі мемлекет болып табылады. Ол қоғамның ұзақ перспективаға арналған қаржысын дамытудың басты бағыттарының стратегиясын әзірлейді және алдағы кезеңге арналған міндеттерді, қаражаттарды және оған жетудің жолдарын анықтайды. Жалпы экономикалық саясат сияқты қаржы саясатын мемлекет экономикалық заңдарды негіздей отырып жасайды.

Қаржы саясатын жасауға биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтары қатысады. Қазақстан Республикасында оның конституциялық ерекшеліктеріне қарай жалпыэкономикалық саясат сияқты қаржы саясатын жасаудағы басымдық Қазақстан Республикасының Президентіне жатады, ол жыл сайынғы Жолдауында ағымдағы жылға және перспективаға арналған қаржы саясатының басты бағыттарын анықтайды. Үкімет экономиканы дамытудың басты бағыттарын жүзеге асыру және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатымен осы Жолдаудың шеңберінде іс-қимыл жасауы тиіс. Осыған орай биліктің атқарушы тармағының бір бөлігі ретінде Үкімет қаржы саясатын іске асыруға қажетті заңдардың жобаларын жасайды және оларды қарап, қабылдау үшін Президентке тапсырады.

Қаржы саясатының жалпы бағыты экономикалық тиімділікті арттыруға бағдарлануы және мақсаты қаржы ресурстарының көлемін және пайдалану тиімділігін өсіру болуы тиіс. Қаржы қайтарымы көрсеткішінің өсуі қаржы саясатының әсерлігін куәландырады. Әрбір нақты жағдайда бөтен тәжірибені көшіру пәрменді нәтижені бере бермейтіндіктен, қаржы саясатын әзірлегенде тәжірибені ескеру және бұл жағдай үшін нақтылы жағдайларды пайдалану қажет.

Қаржы саясаты қаржы ресурстарын шоғырландыруға және зәру міндеттерді шешуге бағытталған, мемлекеттің тап осы қоғамдық өндіріске ықпал етуіне мүмкіндік жасайды. Экономика мен қоғамның әлеуметтік дамуына қаржы саясатының ықпал жасауы қаржы саясатының ғылыми негізделген теориясы негізінде жүзеге асуын талап етеді. Тек ғылыми көзқарас, саясатты анықтайтын барлық факторларды біліп, зерделеу оның салыстырмалы дербестігінің объективті экономикалық қатынастар тәуелділігіне ұласпауының кепілі. Экономикалық дамудың тәжірибесі қаржы саясатының экономикадан қол үзуінің қатаң экономикалық қиыншылықтарға ұрындыратынын, қоғамдық дамудың міндеттерін іске асыруды сөзсіз тоқтататынын дәлелдейді.

Қаржы саясаты ғылыми зерттемелерге негізделсе және ғылыми тәсілдеме қаржы саясатының нақтылы қаржы қатынастарынан үзілмейтіндігіне қызмет етсе, онда қаржы саясаты прогрессивті болуы мүмкін.

Қаржы саясатын жасаған кезде оның бірнеше нұсқалары дайындалады. Олардың барлығы сараптық бағалаудан өткізіледі, неғұрлым оңтайлы нұсқасы Үкіметке жіберіледі. Көп нұсқалы жоба математикалық үлгілеу мен жобалауды пайдалануды талап етеді. Мұнымен бірге үнемі өсіп отыратын қаржы ресурстарының босалқы қорын жасау қажет, сондай-ақ мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің табыстарын алудың неғұрлым оңтайлы үлестерін анықтау қажет. Қаржы саясатын жасаған кезде қаржы ресурстарын бөлуге және оларды негізгі бағыттарға шоғырландыруға үлкен маңыз беріледі.

Соңғы жылдардағы Қазақстанның қаржы жүйесі мемлекет бюджетіне төленбеген төлемдермен сипатталады. Жүйелі төлем қабілетсіздігінің салдарынан мемлекеттің борышын арттыруға тура келеді.

Тұрақтандырудың қаржы саясаты өзіне мына міндеттерді кіріктіреді [4]:

- 1) инфляцияны тоқтату;
- 2) бюджет тапшылығын ЖІӨ-нің 2% дейін төмендету;
- 3) мемлекет борышын ЖІӨ-нің 48% дейін жеткізу.

Қаржы саясатына ақша-кредит саясаты қосылады. Қаржы саясаты жетістіктерінің бірі – Ұлттық банк кредиттерін беру (эмиссия) жолымен мемлекеттік борышты жабудан заңнамалық түрде бас тарту.

Қаржы саясатына қойылатын маңызды талап қаржы саясатын жүргізгенде, яғни дамудың белгілі бір кезеңінің негізгі міндеттерін орындауға шаралар бағыттау жолымен қаржы жүйесінің барлық буындарында жүргізілетін шараларды келіскенде кешенді көзқарасты сақтау, сондай-ақ экономикалық саясаттың құрамды бөліктері арасында қаржы, кредит, баға белгілеу, жалақы салалары саясатында тығыз өзара байланысты қамтамасыз ету болып табылады.

1. 2010 жылғы 29 қаңтарындағы жаңа оңжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Арыстанбаева С.С. «Финансовое обеспечение конкурентоспособности экономики Казахстана» автореферат дис. д-ра экон. наук. - Алматы, 2006г., с.23.

3. Демесинов Т. Бәсекелік қатынастарды реттеудің теориясының дамуы // «Ізденіс - Поиск» ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журнал № 4, 2009г., 10-13 б.

4. Сабден О. «Конкурентоспособность национальной экономики: критерий оценки и пути повышения», Министерство образования и науки РК, Институт экономики. – Алматы, Экономика, 2007г. – с.96.

В статье рассматриваются вопросы необходимости и важности государственной финансовой политики в условиях посткризисного развития. Выделяются основные направления финансовой политики государства.

The article discusses the necessity and importance of the state financial policy in the post-crisis development. Key areas of financial policy are outlined.

М.С. Беисембаева

КОМПЬЮТЕРИЗАЦИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА

1С:Предприятие является универсальной системой автоматизации деятельности предприятия. За счет своей универсальности система 1С:Предприятие может быть использована для автоматизации самых разных участков экономической деятельности предприятия: учета товарных и материальных средств, взаиморасчетов с контрагентами, расчета заработной платы, расчета амортизации основных средств, бухгалтерского учета по любым разделам и т.д.

В современное время без компьютерной программы невозможна работа любой системы учета. Типичной программой по бухгалтерскому учету, адаптированному в странах СНГ является российская программа 1С: Предприятие. Программа 1С: Предприятие состоит из двух частей:

- технологической платформы или ядра программы;
- информационная база.

Работа информационной базы основана в режиме 1С:Предприятие. Программа 1С:Предприятие состоит из 3-х основных компонентов:

1) 1С:Бухгалтерия: предназначена для ведения бухгалтерского учета и бухгалтерских операций;

2) 1С:Торговля и склад: используется для расширения учета материальных запасов. Программа дает возможность для дополнения различными инструментами: сканерами, штрих кодами, кассовыми аппаратами и т.д.;

3) 1С:Зарплата и кадры: используется для различного учета и расчета заработной платы. Все 3 компонента используются самостоятельно или совместно.

Информационная база осуществляется в 3 режимах:

1) Конфигуратор. В этом режиме выполняются все потребные запросы предприятия, при котором можно найти справочники, документы, формы расчетов, структуру плана счетов;

2) Отладчик. В этом конфигураторе можно вводить и исправлять подготовленные данные;

3) Монитор (Архив). В этом режиме можно вводить данные системы пользователя.

Основной особенностью системы 1С: Предприятия является ее конфигурируемость. Собственно система 1С:Предприятие представляет собой совокупность механизмов, предназначенных для манипулирования различными типами объектов предметной области. Конкретный набор объектов, структуры информационных массивов, алгоритмы обработки информации определяет конкретная конфигурация. Вместе с конфигурацией система 1С: Предприятие выступает в качестве уже готового к использованию программного продукта, ориентированного на определенные типы предприятий и классы решаемых задач.

Всего существуют три основных компонента: «Бухгалтерский учет», «Оперативный учет», «Расчет». Каждая компонента расширяет функционирование и создает возможности системы своим механизмом обработки информации. Эти механизмы нельзя однозначно сопоставить с конкретными задачами. Их исполнение связано с задачами автоматизации предметной области, однако, они имеют достаточно инструментов. Результатом конфигурации является представить точно четкую направленность, которая определяет выбор состава необходимых компонент, для создания конкретной конфигурации.

Компонента «Бухгалтерский учет» реализует отражение хозяйственных операций, происходящих на предприятии в бухгалтерском учете. Она манипулирует такими понятиями,